**«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ Т. РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «БАЛАПАН» БӨБЕКЖАЙ – БАҚШАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫНЫ**

# БҰЙРЫҚ № 90-Ө/Қ

**Құлан ауылы** **29 тамыз 2025 жыл**

**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрамы туралы**

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы «Педагог мәртебесі туралы» Заңына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрыққа 2-қосымша «Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларына» сәйкес **Бұйырамын:**

1.«Балапан» бөбекжай-бақшасында төмендегі құрамда Педагогикалық әдеп жөнінде кеңес құрылсын:

1.Мусабекова Гульнара Каримбердиевна – «Балбөбек» тобының тәрбиешісі, кеңес төрағасы;

2.Маханбетова Акзейнет Нурлибековна – Т.Рысқұлов аудандық білім бөлімінің кадр маманы; (өз келісімімен)

3.Мырзабаева Венера Аюбаевна – бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы;

4.Сулейменова С.О – педагог-психолог, кеңес мүшесі;

5.Сарсенбаева А.К – «Қарлығаш» тобының тәрбиешісі;

6. Егембердиева А – «Айгөлек» тобының тәрбиешісі ;

7.Канатова М – «Құлыншақ» тобының тәрбиеші;

8.Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің хатшысы болып бөбекжай-бақшаның әдіскері С.К Ағыбаеваға жүктелсін.

9. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Негіздеме:** 29 тамыз 2024 жылы өткен № 1 педагогикалық кеңестің хаттамасы.

**Бөбекжай - бақшаның меңгерушісі:** **Р.О Шамшиева**

«Бекітемін»
«Балапан» бөбекжай бақшасының
меңгерушісі Р.О.Шамшиева
тамыз 2025 жыл

**«Балапан» бөбекжай-бақшасының педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесінің 2025-2026 оқу жылына арналған жоспары**

| № | Тақырыбы | Өткізілу түрі | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңестің № 1 отырысы:<br>- Кеңес мүшелеріне ҚР Білім және ғылым министрінің 11.05.2020 ж. № 190 бұйрығының №1қосымша Педагогикалық әдеп қағидалары түсіндіру;<br>- Кеңес мүшелерінің функционалдық міндеттерін бөлу;<br>- Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспарын бекіту. | Ақпараттандыру | Тамыз | Меңгеруші Р.О.Шамшиева |
| 2 | Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңестің № 2 отырысы:<br>1 .«Педагогикалық әдеп, ұстаздың этикасы және мәдениеті»<br>2.«Педагогикалық әдеп нормаларының бұзылуының алдын алу» | Диалог алаңы | Қазан | Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрайымы Мусабекова Г.К.<br>Педагог-психолог Сулейменова С. |
| 3 | Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңестің № 3 отырысы:<br>«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ | Пікір алмасу | Қаңтар | Кәсіподақ төрайымы Мырзабаева В.<br>Тәрбиеші Сарсенбаева А |
| 4 | Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті»<br>2.Педагогикалық әдеп жөніндегі К<br>Кеңес жұмысының қорытындылары туралы есебі<br>е | Пікір алмасу, презентация | Мамыр | Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрайымы Мусабекова Г.К |

**«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ Т. РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «БАЛАПАН» БӨБЕКЖАЙ БАҚШАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ**

Құлан ауылы.
Қатысқаны :18
Қатыспағаны:-1

Күні:29.08.2025 жыл
Себепті:-1
Себепсіз: -

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының №1 хаттамасы

Күн тәртібінде:
1.Кеңес мүшелеріне ҚР Білім және ғылым министрінің 11.05.2020 ж. № 190 «Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» бұйрығын түсіндіру;
2.Кеңес мүшелерінің функционалдық міндеттерімен таныс болу;
3.Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспарын бекіту.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 11.05.2020 жылғы № 190 «Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» бұйрығы бойынша түсіндірме жұмыстарын меңгеруші **Р.О.Шамшиева** жүргізіп өтті. Педагог және педагогикалық әдептілік, мәдениеттілік, сөйлеу мәдениеті, педагогтік әдеп заңдылық, адалдық, жауапкершілік, жеке адамның ар-намысы мен қадір қасиетін құрметтеу қағидаттарына негізделетінін айтып өтті.
Сөйледі:
Тәрбиеші А.Сарсенбекова, әр педагог ата-аналармен, балалармен, әріптестерімен қарым-қатынас жасауда, мәдениеттілік пен інтәлікті, сабырлылықты ұстануы керек, педагог – білім беру мекемелеріндегі негізгі тұлға деп айтып өтті.
Келесі мәселе бойынша кеңес мүшелерінің функционалдық міндеттері туралы педагогтік әдепті бұзу тәртіптік теріс қылық болып табылады және педагогті Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жауапкершілікке алып келеді. Педагог – тәрбиеленушіге өнеге үлгі болатын, өмірдің сан алуан жолынан адасқай өтуде оған бағыт бағдар беріп, баланы адамгершілікке, еңбек сүйгіштікке, адалдыққа және басқа да сол сияқты ізгі қасиеттерге баулитын тұлға екеніне тоқталды.
Сөйледі:
Логопед Г.Жумабекова педагог қатты сөйлемеу керек, бірақ оны бәрі де еститіндей болу керек, тыңдау процесі тәрбиеленушілердің күшінен жер

салуын тудырмауы тиіс. Педагог интонациямен сөйлей білу керек, ягни логикалык екпінді коя білу керек , айтылғанды жеткізу үшін кейбір сөздерді бөле білген жөн. Әуенділік педагогқа жеке дара түс беріп, баланың эмоционалды жағдайына жақсы әсерін тигізеді: дәрттендіріп, қызықтырып, тыныштандырады. Сондықтан әрбір сөз балаға жағымды, әсерлі болуына назар аударуымыз керек деп айтып өтті.

Күн тәртібіндегі педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспарын бекітуде педагог қызметкерлер Р.Шамшиева ұсынған жоспармен келісетінін және бекітуге біраузыдан ұсынды.

Шешім:

1.Кеңес мүшелеріне ҚР Білім және ғылым министрінің 11.05.2020 ж. № 190 «Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» бұйрығы басшылыкка алынсын.
2.Кеңес мүшелерінің функционалдық міндеттері бойынша жұмыс ұйымдастырылсын, жауапты Г.Мусабекова болып табылсын.
3.Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары бекітілсін.

«Балапан» бөбекжай-бақшасының
педагогикалық әдеп төрайымы : Г.Мусабекова

Хатшы: С.Агыбаева

**«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ Т. РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «БАЛАПАН» БӨБЕКЖАЙ – БАҚШАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ**

**Құлан ауылы** **Күні:31.10.2025 жыл**
**Қатысқаны :18** **Себепті:-1**
**Қатыспағаны:-1** **Себепсіз: -**

**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының №2 хаттамасы**

**Күн тәртібінде:**

Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңестің № 2 отырысы:
1. «Педагогикалық әдеп, ұстаздың этикасы және мәдениеті» Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрайымы:Мусабекова Г.К.
2.«Педагогикалық әдеп нормаларының бұзылуының алдын алу». Педагог-психолог Сулейменова С.О.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Педагогикалық әдеп, ұстаздың этикасы және мәдениеті» тақырыбында педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрайымы Г.К.Мусабекова сөз алды.

Г.К.Мусабекова педагогикалық әдептің негізгі мақсаты: Педагогикалық әдептің мәнін ашу. Ұстаздың кәсіби этикасы мен мәдениетінің маңызын талқылау. Қазіргі білім беру кеңістігіндегі әдеп нормаларын айқындау.
Міндеттері: Педагогикалық әдеп ұғымына анықтама беру. Ұстаздың кәсіби құндылықтарын саралау. Нақты жағдаяттар арқылы этикалық шешім қабылдау жолдарын қарастыру. Қатысушылар арасында ашық пікір алмасу ұйымдастыру екенін айта отырып, кеңес барысында ашық пікірталас,сұрақ-жауап, жағдаяттық тапсырмалар, топтық жұмыс ұйымдастырды.
Сонымен қатар, педагогикалық әдеп - ұстаздың кәсіби мінез-құлқы, қарым қатынас мәдениеті, адамгершілік ұстанымы мен қызмет барысындағы адамгершілігі екенін айтып өтті.
Ұстаз этикасының негізгі қағидалары: ізгілік, әділдік, жауапкершілік, құрмет, сабырлықты сақтау арқылы, ұстаз тек білім беруші емес, тұлға қалыптастырушы.
Ұстаздар мәдениетінің құрамдас бөліктері: сөйлеу мәдениеті,сыртқы келбет мәдениеті,қарым – қатынас мәдениеті,кәсіби шеберлікті арттыру екенін айтып өтті.
Педагогтар жағдаяттық талдау барысында:

-Бала тәртіп бұзғанда ұстаздың әрекеті қандай болу керек?

-Ата – анамен келіспеушілік туған жағдайда ұстаздың ұстанымы қандай?

-Әлеуметтік желідегі ұстаз әдебі қандай болуы тиіс тақырыптарында өз пікірлерімен бөлісті.

Пікірталас барысында:

- Қазіргі қоғамда ұстаз беделі неден қалыптасады?

-Педагогикалық әдеп туа біте ме, әлде қалыптасады ма?

-Жас маманның кәсіби мәдениетін қалай дамытуға болады тақырыптар аясында өз ойларымен бөлісті.

Күн тәртібіндегі, «Педагогикалық әдеп нормаларының бұзылуының алдын алу» тақырыбы бойынша педагог-психолог С.О.Сулейменова тренинг жоспарымен таныстырып өтті.

Педагог қызметкерге :

•Педагогикалық әдеп нормаларын түсіндіру.

•Әдеп бұзушылық жағдайларын тану және алдын алу.

•Қарым-қатынас дағдыларын және стрессті басқаруды дамыту.

•Педагогтардың өзара құрмет және кәсіби жауапкершілігін арттыру

барысында қатысушылармен танысу: әркім өз атын және педагогикалық принципін айту "Педагогикалық әдеп" туралы түсініктерімен бөлісті.

Теориялық бөлімде:

1.Педагогикалық әдеп нормалары дегеніміз не

2.Әдеп бұзылуының түрлері:

•Дауыс көтеру, қорқыту

•Құрметсіз сөйлеу

•Әділетсіздік, кемсіту

3.Әдеп бұзылуының себептері:

•Стресс, шаршау

•Психологиялық дайындықтың төмендігі

•Қарым-қатынас дағдыларының жетіспеушілігі тақырыптарында қатысушылар өз пікірлерімен бөлісті.

Рөлдік ситуация барысында: "Педагог балаға дөрекі сөйледі".

•Ситуация 1: Баланы дұрыс емес әрекеті үшін айыптау

•Ситуация 2: Қиын ата-анамен сөйлесу

•Ситуация 3: Құрдастар арасындағы келіспеушілікті шешуде «Әдеп» нормасын сақтау арқылы шешім табу.

•Қандай әрекеттер этикалық емес?

•Бұндай жағдайда сіз қалай әрекет етер едіңіз?

Стрессті басқару жаттығулары

•Терең дем алу

•Қысқа релаксация жаттығулары

•Эмоцияны бақылау әдістері

•Мысалы: "Мен ашуландсам, алдымен терең дем аламын, содан кейін сөйлеймін" деп отырып, өз эмоциялары мен көңіл –күйлерін басқару жолдары қарастырылды.

Қорыта келе,қатысушылар тренингтен алған әсерлерімен:

•"Мен үйрендім/Мен қолданамын" деп әр катысушы өз ойын айтып "Педагогикалық әдеп ережелері" жадынамасы таратылды.

«Балапан» бөбекжай-бақшасының
педагогикалық әдеп төрайымы : Г.Мусабекова

Хатшы: С.Агыбаева

**«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ Т. РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «БАЛАПАН» БӨБЕКЖАЙ – БАҚШАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ**

**Құлан ауылы**
**Қатысқаны :18**
**Қатыспағаны:-1**

**Күні:29.01.2026 жыл**
**Себепті:-1**
**Себепсіз: -**

**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының №3 хаттамасы**

**Күн тәртібінде:**

1.«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ.
Кәсіподақ төрайымы В.А. Мырзабаева, тәрбиеші А.К. Сарсенбаева

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі, «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Қазақстан Республикасы Заңы туралы, «Балапан» бөбекжай-бақшасының кәсіподақ төрайымы В.А.Мырзабаева мен тәрбиеші А.К.Сарсенбаева қатысушы педагогтармен ақпараттық түсіндірме жұмыстарын ұйымдастырды.
Іс-шара барысында, қазіргі қоғамда педагог тұлғасының рөлі,білім сапасы – елдің стратегиялық дамуының негізгі факторы екенін айтып өтті. Осы тұрғыда 2019 жылғы 27 желтоқсанда қабылданған «Педагог мәртебесі туралы» Заң педагогтердің құқықтық жағдайын нақты айқындап, оларды әлеуметтік кепілдіктерін бекітті, кәсіби қызметін қорғауға бағытталған маңызды құқықтық құжатқа айналды.
Аталған заң педагог мәртебесін арттыруды, педагог еңбегінің беделін көтеруді, сондай-ақ педагогикалық әдеп нормаларын жүйелеуді мақсат етеді. Педагогикалық әдеп – бұл жай ғана мінез-құлық ережесі емес, ол мұғалімнің кәсіби мәдениетінің көрсеткіші, білім беру сапасының кепілі екенін тоқталды.
Сонымен қатар, Заңның мақсаты мен негізгі қағидаттары мен мақсаты педагогтің ерекше мәртебесін тану және оны заңнамалық тұрғыда қорғау.
Негізгі міндеттері:педагогтің құқықтарын қорғау;кәсіби қызметіне заңсыз араласуды болдырмау;әлеуметтік кепілдіктер беру;педагогикалық әдеп нормаларын бекіту;кәсіби дамуға жағдай жасалатынын айтып өтті.
Педагогтің құқықтары:
- Заң педагогке бірқатар маңызды құқықтар береді:

-Кәсіби қызметіне араласудан қорғау:
-Педагогтің заңды қызметіне негізсіз тексерулер жүргізуге немесе артық есеп талап етуге жол берілмейді;
-Ар-намыс пен қадір-қасиетін қорғау;
Педагогке құрметпен қарау – қоғамның міндеті;
-Әдістемелік еркіндік;
-Оқыту әдістерін таңдауда шығармашылық еркіндік беріледі;
-Біліктілікті арттыру құқығы.
-Педагог өз кәсіби деңгейін жүйелі түрде жетілдіруге мүмкіндік алады.
-Әлеуметтік кепілдіктер.
-Ұзартылған еңбек демалысы, қосымша төлемдер, ауылдық жерлердегі - үстемақылар.
Бұл құқықтар педагогтің кәсіби тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған.
Педагогтің міндеттері:
Құқықтармен қатар педагогтің жауапкершілігі де жоғары. Заңда келесі міндеттер көрсетілген:
-білім алушылардың құқықтары мен қадір-қасиетін сақтау;
-білім беру сапасын қамтамасыз ету;
-педагогикалық әдеп нормаларын сақтау;
-кәсіби шеберлігін үздіксіз арттыру;
-Қазақстан Республикасының заңнамасын орындау.
-Педагогтің кәсіби міндеттері – оның қоғам алдындағы жауапкершілігінің көрсеткіші.
Педагогикалық әдеп ұғымы және маңызы
Педагогикалық әдеп – педагогтің кәсіптік мінез-құлқының нормалары мен қағидаларының жиынтығы.
Әдеп нормалары педагогтің:
-білім алушылармен,
-ата-аналармен,
-әріптестермен,
-қоғаммен қарым-қатынасын реттейтінін айтып өтті.

**Педагогикалық әдептің негізгі қағидалары:**
1. Әділдік
Барлық білім алушыларға тең қарау, бағалауда объективті болу.
2. Құрмет
Әр баланың жеке тұлға екенін мойындау.
3. Адалдық
Жалған ақпарат таратпау, кәсіби беделге нұқсан келтірмеу.
4. Кәсіби жауапкершілік
Өз іс-әрекетінің салдарын түсіну.
5. Әдептілік және мәдениеттілік
Қарым-қатынаста сыпайылық сақтау.
Педагогикалық әдепті сақтау – педагог беделінің кепілі.

Педагогикалық әдеп бұзылған жағдайда жауапкершілік:
Егер педагог әдеп нормаларын бұзса, бұл тәртіптік жауапкершілікке әкелуі мүмкін екеніне назар аударуды айтып өтті.
Мысалы:
білім алушының ар-намысына тиетін әрекеттер;
кәсіби этикаға қайшы сөздер;
әлеуметтік желілерде педагог мәртебесіне нұқсан келтіретін жазбалар.
Мұндай жағдайлар педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесте қаралады. Кеңестің мақсаты – жазалау емес, алдын алу, түсіндіру және кәсіби мәдениетті қалыптастыру.
Педагог мәртебесін арттыру – ортақ міндет
Педагог мәртебесін көтеру тек заңмен шектелмейді. Ол:
мектеп ұжымындағы өзара сыйластықтан;
ата-аналардың құрметінен;
қоғамның қолдауынан;
педагогтің жеке кәсіби мәдениетінен басталады.
Әр педагог өзінің мінез-құлқымен, кәсіби шеберлігімен, мәдениетімен мәртебесін айқындайды деп қортындылады.

«Балапан» бөбекжай-бақшасының
педагогикалық әдеп төрайымы : Г.Мусабекова

Хатшы: С.Агыбаева

«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ Т. РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «БАЛАПАН» БӨБЕКЖАЙ – БАҚШАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының №4 хаттамасы

Құлан ауылы Күні:19.05.2026 жыл

Қатысқаны :18 Себепті:-1
Қатыспағаны:-1 Себепсіз: -

Кеңес құрамы: Мусабекова Г.К.-тәрбиеші,
Махамбетова А.Н. Т.Рысқұлов аудандық білім бөлімі маманы;
Мырзабаева В.А. –бөбекжай-бақша кәсіподақ төрайымы;
Сулейменова С.О. –педагог-психолог;
Егембердиева А.Д.-тәрбиеші;
Канатова М.С.-тәрбиеші;
Сарсенбаева А.К.-тәрбиеші;
Хатшы-Агыбаева С.К.

Күн тәртібінде:

1.«Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті»
2.Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңестің № 4 отырысы:
**Кеңес жұмысының қорытындылары туралы есебі, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрайымы Г.К.Мусабекова**

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі «Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті» тақырыбында бөбекжай-бақшаның педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрайымы Г.К.Мусабекова сөз алып, «Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті» тәрбиешілердің, педагогтар мен тәрбиеленушілердің, сондай-ақ педагогтар мен ата-аналар, әріптестердің арасындағы өзара сыйластыққа, әдептілікке және тиімді коммуникацияға негізделген кәсіби қарым-қатынас жүйесі.

Негізгі ерекшеліктері: Ізгілік пен құрмет – әрбір оқушының жеке тұлғасын сыйлау. Педагогикалық әдеп – қарым-қатынаста сыпайылық пен такт сақтау. Тиімді коммуникация – ойды анық, түсінікті жеткізу және тыңдай білу.Эмпатия – оқушының көңіл күйін, қажеттіліктерін түсіне білу.

Ынтымақтастық – білім беру үдерісінде серіктестік қарым-қатынас орнату.

Конфликтіні дұрыс шешу – туындаған келіспеушіліктерді мәдениетті түрде реттеу.

Педагогикалық қарым-қатынас мәдениетінің қызметтері:
Оқыту мен тәрбиенің тиімділігін арттыру;
Оқушылардың тұлғалық дамуына ықпал ету;
Ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру;
Өзара сенім мен түсіністікті нығайту.
Қорытындылай келе, Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті – педагогтардың кәсіби шеберлігінің маңызды көрсеткіші. Ол оқу-тәрбие үдерісінің сапасын арттырып, білім алушылардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасайды деп айтып өтті.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес жұмысының қортындылары туралы есебімен педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрайымы Г.К.Мусабекова сөз алды: 2025–2026 оқу жылы барысында педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес өз жұмысын бекітілген жоспарға сәйкес жүзеге асырды. Кеңес қызметінің негізгі мақсаты педагогтердің кәсіби әдеп нормаларын сақтауын қамтамасыз ету, білім беру ұйымында қолайлы моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыру және педагогикалық ұжым мүшелерінің өзара қарым-қатынас мәдениетін жетілдіру болды.
Есептік кезеңде педагогикалық әдеп қағидаларын түсіндіру және насихаттау бағытында бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды. Педагогтер арасында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, педагогикалық әдеп нормаларын сақтау мәселелері бойынша кеңестер мен әңгімелесулер өткізілді. Жыл бойы педагогикалық әдепке қатысты келіп түскен өтініштер мен ұсыныстар түспегендігін айтып өтті.
Кеңес мүшелері педагогтер мен білім алушылар, ата-аналар арасындағы өзара сыйластық пен ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған жұмыстарды тұрақты түрде жүзеге асырды.
Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде педагогикалық ұжымда әдеп нормаларын сақтау деңгейі артты, педагогтердің кәсіби мәдениеті мен жауапкершілігі күшейді. Білім беру ұйымында қолайлы психологиялық ахуал қалыптасып, педагогтер, білім алушылар және ата-аналар арасындағы өзара түсіністік пен сенім нығая түсті.
Қорытындылай келе, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес өзіне жүктелген міндеттерді орындап, жоспарланған жұмыстарды толық көлемде жүзеге асырды. Алдағы кезеңде педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау бойынша профилактикалық жұмыстарды жалғастыру және кәсіби этика мәдениетін одан әрі дамыту жоспарлануда.

«Балапан» бөбекжай-бақшасының
педагогикалық әдеп төрайымы : Г.Мусабекова

Хатшы: С.Агыбаева